





Автор: Байтымбетова Гаухар Курманалиевна
Пән: Математика
Сынып: 3-сынып
Бөлім: Аудан. Шамалар
Тақырып: Аудан. Ауданның өлшем бірліктері

Сабаққа негізделген оқу мақсаты:	3.1.3.1 ауданы болатын нысандарды атау және ауданды өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдап алу, палеткамен өлшеу 3.1.3.3 см ² , дм ² , м ² шамаларын салыстыру және амалдар орындау
Сабақ мақсаттары:	Барлық білім алушылар: Ауданы бар нысандарды атау, ауданды өлшеу үшін құралдар мен өлшемдер таңдау. Білім алушылардың басым бөлігі: палеткамен өлшеуді жүргізу, шамалардың мәндерін салыстыру см ² , дм ² , м ² және олармен амалдар орындау. Кейбір білім алушылар: палетканың көмегімен еркін пішіндегі фигураларды өлшеуді жүргізу
Бағалау критерийлері:	-үш таңбалы сандарды 1000-ға дейін қосу мен 1000-нан азайту амалдарын бағанмен жазады; -разряд арқылы сандарды қосу мен азайтуды разряд бойынша қосады (толық 1000-ға дейін толық 1000-нан);
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдылар: Ауданы бар заттар мен фигураларды атау. Терминология: Аудан, палетка, өлшем. Сөз тіркестері: Үш таңбалы сандар, алгоритм. Талқылау: Фигуралардың аудандарын қалай салыстырамыз? Жазылым: см ² , дм ² , м ² .
Құндылықтарды дарыту:	Отбасы мүшелерін құрметтеу, сыйлау.
Пәнаралық байланыстар:	Жаратылыстану
Алдыңғы оқу/	Аудан түсінігі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
басталуы: (5мин.)	Ынталандыру. Математика не істей алады? • Астрономға алыстағы жұлдыздардың жолдарын анықтауға көмектеседі. • Инженер математиканың көмегімен реактивті ұшақты, кеме мен электр станциясын жобасын жасайды. • Ал теңізшіге теңіздегі кеме жолын көрсетеді. Сонымен, математика барлық санау қажет болатын заттарды санайды. Математикалық білім бізге өмірде және еңбегімізде қажет болады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>ортасы: (20мин.)</p>	<p>Математикалық диктант 7 мен 3-тің қосындысын 6-ға көбейт 40 пен 60 қосындысын 10 көбейт 8 бен 4 қосындысын 2-ге бөл 20 мен 8 қосындысын 7-ке бөл Өзектендіру 1-тапсырма: берілген суреттерді қарап, әр алаңға салу үшін қанша тақтатас кететінін санайды. Мақсат қою (мәселелі жағдаят) 2-тапсырма: оқушылар дәптер бетіне қабырғасы 10 см немесе 1дм болатын шаршы сызады. Тапсырма «осы шаршының ауданын табу» оқушылар шаршының ауданын табады. Жаңаны ашу. Видео көрсетеміз 3,17мин https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/audan-olshem-birlikteri-audan-olshem-birlikteri-arysyndahy-qatynastar?mid=f8c39490-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe</p>  <p>– дұрыс форманың ауданын анықтау үшін не істеу керек. (Өлшем бірлікті мақсат етіп қою қажет.) – Берілген фигураны қандай бірлікпен өлшеуге болады? (дм² , см²-мен) – Фигураның ауданын квадрат сантиметрмен қалай өлшеуге болады? (Оны қабырғасы 1 см болатын шаршыларға бөлу керек, осындай қанша шаршы бар екен.) Оқушылар көлденеңінен және тігінен 1 см қадаммен сызады, бір сызықтағы торкөздерді санайды – бұл бір ондық, фигураның бойына осындай қанша ондық сыяды (10 ондық см² немесе 100 см²). (қабырғасы 1см квадрат– ауданның өлшем бірлігі– 1 квадрат см, см², қабырғасы 1дм болатын квадрат– ауданның өлшем бірлігі– 1 квадрат дм, дм²). – Сіз ұқсастық бойынша егер қабырғасы 1м (1 квадрат метр, 1 м²) болса, кілемнің ауданын таба аласыз ба? 2-(б) тапсырма бойынша оқушылар тәжірибелік жұмыс жасайды, қабырғасы 1 м болатын квадраттың қанша квадрат дециметрден тұратынын санайды. Тереңірек түсіну үшін әр топқа қабырғасы 1 м болатын қағаз беріледі. Бір топқа үлкен сызғыш беру керек, ал екінші топқа қабырғасы 10 см болатын түрлі түсті қағаздан жасалған шаршы беріледі. Үлкен сызғышы бар топта шаршының қабырғасына әр 10 см сайын сызық қалдырады (әр бала қағаздың бір жақ бетін сызуына болады), тігінен де көлденеңінен де сызық жүргізеді. Түрлі түсті қағаздан шаршысы бар топта оқушылар бірінен соң бірі үлкен қағаз бетіне жабыстырады, содан кейін қабырға бойымен арасынан қалдырмай жабыстырады. Түсіндіре отырып алғашқы бекіту. 4-тапсырма: оқушылар сандық көлем амалдарын орындайды. Өзіндік жұмыс АКТ мен жеке-жеке тапсырманы орындау https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/audan-olshem-birlikteri-audan-olshem-birlikteri-arysyndahy-qatynastar?mid=f8c39491-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe</p>  <p>https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/audan-olshem-birlikteri-audan-olshem-birlikteri-arysyndahy-qatynastar?mid=f8c39498-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe</p>	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Аяқталуы: (2мин.)	Рефлексия. «Жетістік сатысы»	